

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023. 10 (2)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, 2023

© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қышпақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия) **Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вилнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самшев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аян Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместителю директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. алі-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководителю Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени алі-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Ertan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagol Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 2, pp. 290–302, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_10_2_290-302

THE “TATAR LETTER” ADRESSED TO THE POP OF INNOCENT IV IN 1246 AND ITS INVOLVEMENT WITH TÖREGENE QATUN

Bakhyt Ezhenkhan-uli^{1*}

¹Center of Turkology and Atastics, L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satbayev Str., 010008 Astana, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Chief Research Fellow

 <https://orcid.org/0000-0002-2724-7447>. E-mail: bakejen08@gmail.com

*Correspondent author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Ezhenkhan-uli B., 2023

Abstract. *Introduction.* this article hopes to shed new light on the study of the so-called “Güyük khan’s Tatar letter to the pop of Innocent IV in 1246”. *Goals.* Previously, scholars made a tentative inference that the mentioned “Tatar letter” was written in Mongolian, in the name of Güyük khan. However, giving the remaining Turkic words and sentence in the Persian version of the letter that has reached us, the author believes that the original of the “Tatar letter” should be in Turkic language. So why was this letter written in Turkic? And what is the historical story behind it? This article aims to discuss and clarify these historical issues. *Results.* Based on the historical and philological analysis of the relevant sources, the author of this article presents some new opinions on the historical issues related to the mentioned document. In addition, the article also discusses the status and influence of Töregene qatun in the history of the Mongol Empire. *Conclusions.* The author of this article argues that the letter, usually being taken to be Güyük khan’s, was written at the behest of Töregene qatun, a Naiman, mother of Güyük khan, and the regent of Mongol Empire after the death of Ögödei khan; The strong Turkic content in the Persian translation version of the letter indicates that the mother tongue of Töregene, namely the language of the Naimans was Turkic.

Keywords: “Tatar letter”, Turkic, Naiman, Plano Carpini, Innocent IV, Güyük khan, Töregene qatun


For citation: The “Tatar Letter” Adressed to the Pop of Innocent IV in 1246 and Its Involvement with Töregene Qatun // Edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 2. С. 290–302. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_290-302.

1246 ЖЫЛЫ РИМ ПАПАСЫ ИННОСЕНТ IV-ГЕ ЖАЗЫЛҒАН «ТАТАР ХАТЫ» ЖӘНЕ ОНЫҢ НАЙМАН ТӨРЕГЕНЕ ХАТҮНМЕН ҚАТЫСЫ

Бахыт Еженханұлы^{1*}

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түркітану және алтайтану орталығы (2-үй, Сәтбаев көш., 010008 Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-2724-7447>. E-mail: bakejen08@gmail.com

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Бахыт Еженханұлы, 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Мақала Рим папасы Иннокентий IV-нің елшісі Плато Карпинидың 1246 жылы әкеткен «татар хаты» туралы баяндалады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері:* Осыған дейін ғалымдар аталмыш «татар хаты» моңғол тілінде, Күйік ханның атынан жазылған деген тұжырым жасап келген. Алайда, хаттың бізге жеткен парсы тіліндегі аударма нұсқасында аударылмай қалған түркі сөздері мен сөйлемге қарап, аталмыш хаттың түпнұсқасы асылы түркі тілінде болғандығын байқауға болады. Ендеше, бұл хат не үшін түркі тілінде жазылған? Оның артында қандай тарихи сыр жатыр? Міне, бұл мақала осы тарихи мәселелерді анықтауды міндет етеді. *Нәтижелер.* Тиісті тарихи материалдарға тарихи-филологиялық талдаулар жасау негізінде, автор аталмыш құжатқа байланысты бірсыпыра тарихи мәселерге тың ғылыми пікірлер ұсынады. Сонымен қатар, мақалада Төрегене хатұнның Моңғол империясы тарихындағы орны мен ықпалы туралы да сөз қозғайды. *Қорытынды.* Автор мақалада мынадай тың тұжырым жасайды: жұртқа көбінесе «Күйік ханның татар хаты» деген атпен танылған бұл хат ісжүзінде Күйіктің анасы, тегі найман болып келетін, Үгедей хан қайтыс болғаннан кейін Моңғол империясының регенті болған Төрегене хатұнның қолынан шыққан; Хаттың бізге жеткен парсы тіліндегі аударма нұсқасындағы түркі мәтін — Төрегене хатұнның ана тілінің, яғни найман тілінің қандай болғандығын паш етеді.


Түйін сөздер: «татар хат», түркі тілі, найман, Плато Карпини, Иннокентий IV, Күйік хан, Төрегене хатұн
Дәйексөз үшін: Бахыт Еженханұлы. 1246 жылы Рим папасы Инносент IV-ге жазылған «татар хаты» және оның найман Төрегене хатұнмен қатысы // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 2. 290–302 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_290–302.

«ТАТАРСКОЕ ПИСЬМО» АДРЕСОВАННОЕ ПАПЕ ИННОКЕНТИЮ IV В 1246 ГОДУ И ЕГО СВЯЗЬ С ТОРЕГЕНЕ КАТУН

Бахыт Еженханұлы^{1*}

«Научно-исследовательский центр тюркологии и алтаистики» при Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева (ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, главный научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-2724-7447>. E-mail: bakejen08@gmail.com

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Бахыт Еженханұлы, 2023

Аннотация. *Введение.* Данная статья призвана пролить новый свет на изучение так называемого «Татарского письма Гуюк-хана папе Иннокентию IV в 1246 году». *Цели и задачи.* Ранее ученые пришли к предварительному заключению, что упомянутое «татарское письмо» было написано на монгольском языке от имени Гуюк-хана. Однако, приводя остальные тюркские слова и предложения в дошедшем до нас персидском варианте письма, автор полагает, что оригинал «татарского письма» должен быть на тюркском языке. Так почему же это письмо было написано на тюркском языке? И какое историческое событие стоит за этим? Данная статья призвана обсудить и прояснить эти исторические вопросы. *Результаты.* На основе историко-филологического анализа соответствующих источников автор данной статьи представляет некоторые новые взгляды на исторические вопросы, связанные с указанным документом. Кроме того, в статье также рассматриваются статус и влияние Төрегене катун в истории Монгольской империи. *Выводы.* Автор данной статьи утверждает, что письмо, обычно приписываемое Гуюк-хану, было написано по воле Төрегене катун, найманки, матери Гуюк-хана и регентши Монгольской империи после смерти Угэдэй-хана; Сильное тюркское содержание в персидском переводе письма указывает на то, что родным языком Төрегене, а именно языком найманов, был тюркский.

Ключевые слова: «татарское письмо», тюркское, найманское, Плато Карпини, Иннокентий IV, Гуюк хан, Төрегене катун

Для цитирования: Бахыт Еженханулы. «Татарское письмо» адресованное папе Иннокентию IV в 1246 году и его связь с торегене катун // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 2. С. 290–302. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_2_290–302.

Кіріспе

1920 жылы Крил Каралевский есімді христиан сопысы Ватиканның мұрағат қорынан бір дана көне хаттың түпнұсқасын тауып алады. Екі жылдан кейін, әйгілі француз шығыстанушы ғалым П. Пелио (Pelliot, 1922–1923) аталмыш хатқа өзінің алғашқы зерттеулерін жүргізіп, хаттың 1246 жылы Ұлы Моңғол ұлысы билеушісінің атынан сол кездегі Рим папасы Инносент IV-ге жазған екендігін анықтайды. Жұртқа мәлім, 1246 жылы Рим папасының елшісі болып Пано Карпини Моңғол империясының астанасы Қарақорымға барған және елшілік сапарға байланысты естелік қалдырған. Сол естелігінде ол өзінің моңғол билеушісінен хат тапсырып алғандығын, және сол хаттың 3 нұсқасы болғандығын жазады. Карпинидің айтуынша, хаттың бір нұсқасы «татар тілінде» жазылған, екіншісі сол татар тілінен «саррасин» тіліне, яғни мәлім бір мұсылман тіліне аударылған нұсқа, ал үшіншісі хаттың латын тіліндегі аудармасы. Латын тіліндегі нұсқаны біз Карпини естелігінен-ақ көре аламыз, ал Пелиодың пайымдауынша, Крил Каралевскийдің Ватикан мұрағатынан тапқан құжаты — осында айтылған екінші нұсқа, яғни Карпини естелігінде «саррасин тілінде» деп көрсетілген нұсқа шын мәнінде парсы тілінде болып шыққан (осы мақаламыздың соңында берілген құжаттың көшірмесіне қараңыз). Өкініштісі, аталмыш хаттың бірінші нұсқасы, яғни «татар тілінде» хатталған нұсқасы табылмаған. Дегенмен, Карпини тарапынан айтылған «татар тілі» деген ұғымға байланысты ғалымдар (оның ішінде Пелио да бар) мынадай тұжырым жасап үлгірген: «татар тілі» деп бұл жерде Карпини моңғол тілін меңзеген (Pelliot, 1922–1923: 11). Дегенмен, бұл тұжырым күмәнді. Өйткені, хаттың бізге жеткен парсы тіліндегі аударма нұсқасында аударылмай қалған түркі сөздер мен сөйлемге қарағанда, аталмыш хаттың түпнұсқасы асылы түркі тілінде жазылған ба деген ой туады. Ендеше, бұл хат расында түркі тілінде жазылған ба? Осы хат жазылған дәуірдегі «татар тілі» денен ұғым, сірә, нені білдірген? Егер бұл хат расында түркі тілінде жазылған болса, онда оның артында қандай тарихи сыр жатыр? Міне, осы сұрақтарға жауап іздеу үшін біз тарихи дереккөздер мен тиісті ғылыми зерттеулерге қайта үңілуімізге тура келеді.

Материалдар мен әдістер.

Жоғарыда айтылғандай, «татар хаты» — Пано Карпини әкеткен хаттың бір нұсқасы ғана, оның тағы парсы және латын тілдеріндегі нұсқалары бар. Біздің қолымызға жеткен хаттың соңғы екі нұсқасы, әсіресе оның парсы тіліндегі нұсқасы зерттеуімізге ең негізді тарихи дереккөз болып табылады. Әрине, хаттың өзіне ғана сүйенсек, аталмыш тарихи жұмбақтарды шеше алмаймыз. Сондықтан, біз хат жазылған кезеңге жақын келетін дәуірде қалыптасқан мынадай тарихи дереккөздерге үңілуді жөн көрдік: қытай және парсы жылнамалары, XIII ғасырдағы Моңғол империясының шығыс бөлігіне барған қытай және еуропалық саяхатшылар мен діндарлардың жазбалары, сондай-ақ Юань патшалық дәуірдегі кейбір қытай қаламгерлерінің жеке әдеби жынақтарында сақталған мәліметтер. Зерттеу барысында, біз әуелі өзімізге жеткен хат мазмұнына филологиялық талдаулар жасау арқылы «татар хатының» тілдік қасиетін анықтамақпыз. Сонымен қоса, біз аталмыш тарихи дереккөздердегі тиісті мәліметтерге тарихи-деректанулық талдаулар жасау арқылы жоғарыда аталған мәселелер анықталмақ.

Талқылау және нәтижелер

Табылған хаттың парсы тіліндегі нұсқасына басылған мөр расында моңғол тілінде жазылып, онда Күйік ханның мансабы көрсетілген. Дегенмен, осы нұсқаның негізгі мазмұны парсы тілінде жазылғандығына және мөрдегі жазудың моңғол тілінде екендігіне қарамастан, мұнда түркі тілдік мазмұн да айқын көрініс тапқан. Мысалы, мәтін жолдарында мынадай түркі сөздері сақталған:

6-жолындағы كنگاش (keṅāš), яғни «кеңес» сөзі;

6-жолындағы اونك (ötüg), яғни «өтініш» сөзі;

6-жолындағы ايلي بندگی (el-i bendegī, «бағынышты ел») тіркесіндегі ايل (el), яғни «ел» сөзі;

7-жолындағы ايلچی (elči), яғни «елші» сөзі;


27-жолындағы ايل (el), яғни «ел» сөзі;

27-жолындағы كوچ دادن (küç dādan, «күш беру») тіркесіндегі كوچ (küç), яғни «күш» сөзі. Асылы, бұл сөздің моңғол тіліндегі баламасы «küçün», ал Пелеодың мақаласында айтылғандай, бұл жерде хат авторы осы сөздің моңғолша нұсқасын емес, түркі тіліндегі нұсқасын алған (Pelliot, 1922–1923: 23);

29-жолындағы ياغى (yağī), яғни «жауы» сөзі.

Осы сөздерге қарап, Пано Карпинидың әкеткен хаттың үш нұсқасының бірі болып табылатын әлгі «татар» тіліндегі нұсқа — шын мәнінде моңғол тілінде емес, түркі тілінде хатталған болса керек деген ой туады.

Ал хаттың парсы тіліндегі нұсқасының бірінші сөйлемі біздің ойымызды одан әрі растайды. Төменде хаттың парсы тіліндегі осы нұсқасының бірінші сөйлемі жазылған бөлігінің көшірмесі¹:



Мұндағы сөздер араб әріптерімен хатталған. П. Пелио бұл сөйлемді былай деп оқып шыққан: «M(ā)ḡgü t(ā)ḡrī küç(ü)ndä / qur(u)l(u)ḡ ulusn(u)ḡ taluynuḡ / khan y(a)rl(i)ḡ(i)m(i)z» («Мәңгі тәңірі күшінде / құрылық ұлысының талуынның / хан жарлығымыз») (Pelliot, 1922–1923: 24). Ал Владислав Котвич, Игорь де Рахевильц сынды ғалымдар П. Пелио «qur(u)l(u)ḡ ulus» деп оқыған сөз тіркесін «kü uluḡ ulus» («барша Ұлық ұлыс»), яғни «барша ұлы [Моңғол] ұлысы» деп оқыған². Қалай болмасын, мұнда мына жайттар анық: хаттың парсы тіліндегі нұсқасында сақталған осы бірінші сөйлем түркі тілінде жазылған; Ал бұл сөйлем араб-парсы жазуымен хатталғанда шалағайлық пайда болғандығы байқалады, өйткені, мұндағы біраз арабша әріптеріндегі (ي, خ, ن, ج, ت) нүктелер мүлдем қойылмай қалған.

Ендеше, заңды сұрақ туындайды: егер Пано Карпинидың айтқан «татар тілі» расында моңғол тілі болса, онда хатта не үшін осыншалық түркі сөздер пайда болып, тіпті хаттың басындағы сөйлем түгелдей түркі тілінде хатталған?

Осы сұраққа байланысты әуелі мұндағы «татар» деген ұғымды айқындап алу керек. Ватикан мұрағатынан табылған аталмыш хатқа зейін салушылар жаппай осындағы «татар» сөзін моңғол тілімен ғана байланыстырады, алайда, жұртқа әлдеқашан мәлім болғандай, «татар» сөзі тек қана моңғол жұртымен байланысты болмаған, ол тарихтағы көптеген түркі тілдес елдерге де қатысы бар атау. «Күлтегін ескерткіші», «Білге қаған ескерткіші» сынды көне түркі дәуіріндегі ескеркіштерге қарағанда, татарлар көне түркілердің құзырында болған; XI ғасырдағы парсы қаламгері Гардизидің мәлімдеуі бойынша, кімек елін құрайтын 7 рудың бірі — «татар» болған (Minorsky, 1937: 304–305). XIII ғасырдың 20-жылдары жазылған «Мэн да бэй лу» атты кітапта татарларды «шикі (жабайы) татар», «қара татар» және «ақ татар» деп бірнеше топтарға бөлген (Мэн Гун, 1983: 1^a–2^b), зерттеушілер сондағы «ақ татарлар» деген топтың оңғыттармен қатысты екендігіне шүбә келтірмейді. Ал Моңғол империясы құрылғаннан кейінгі Еуразия даласындағы түркі-моңғол елдері еуропалық қаламгерлер тарабынан жаппай «татар» аталғандығы да тарихи шындық. Осыған байланысты мына бір тарихи жағдай біздің назарымызды аударады: Пано Карпинидан тыс, XIII–XIV ғасырларда шығысқа келіп кеткен өзге де бірсыпыра еуропалық жиһанкездердің естеліктерінде «татар тілі» деп оңғұттардың немесе қыпшақтардың тілін меңзеген жағдайлар кездеседі.

Оңғұттардың тілін «татар тілі» деп атаған жағдай Пано Карпиниден жарты ғасыр кейін жазылған тарихи құжаттарда кездеседі. XIII ғасырдың соңында, католик францискандар ағымының діндары Джованни Монтекорвино Молғол жеріне барып, өмірінің соңына дейін оңғұттардың арасында

¹Хаттың толық көшімесі осы мақаланың соңында берілген. Қараңыз: Қосымша 1.

²Мұндағы сөз тіркес ағылшын тіліне «whole Great Nation (the Great [Mongol] Nation)» деп аударылған.

миссионерлік қызмет атқарады. Сол қызыметі барысында, ол Моңғол жерінен өзінің Еуропадағы діни қауымына рапорт ретінде екі хат жазып, ол хаттар францискандардың мұрағатында сақталып қалған; Кейін келе ол хаттар ағылшын тіліне аударылған. Бізді сол хаттарда айтылған мына жайттар қызықтырады:

Аталмыш екі хаттың біріншісінде, Джованни Монтекорвино несторияндық діни жолын ұстап келген Джордж есімді патшамен жақсы қарым қатынас орнатып келіп, сол елде өзінің миссионерлік қызметін жақсы бастағандығын айта келе: «Мен татар тілі мен жазуын меңгеріп алғанмын, бұл барша татарлар түсінегін тіл. Қазірге дейін, мен «Жаңа өсиет» кітабы мен «Псалтер» кітабын түгелдей осы тілге аударып, аудармаларымды құсни хатпен көшіргізіп үлгірдім ... Әуелінде, мен асылы жоғарыда аталған Джордж патшамен бірге жоспар құрып, оның көзі тірісінде латын тіліндегі мінәжәт өлеңдерін (Latin Office) түгелдей аударып, Джордж патшаның құзырындағы жерлерде кеңінен шырқатпақ болғанмын ... Аталмыш Джордж патшаның ұлына менің атым беріліп, Джон деп аталған» деп жазады (Dawson, 1955: 227). Ал Джованни Монтекорвино өзінің екінші хатында тағы мынадай сөздер қалтырған: «Осыған дейін, мен сауатсыз адамдарға уағыз жүргізу мақсатында «Ескі өсиет» пен «Жаңа өсиет» кітаптарына қатысты 6 сурет салғанмын. Сондай-ақ, мен ол суреттердің төменгі жағына латын, түрік және парсы тілдерінде түсіндірмелер жазып қалдырғанмын, сондықтан, осы үш тілді (үш тілдің біреуін) оқи алатын кезкелген адам сол суреттерді де түсіне алады» (Dawson, 1955: 228).

Ғылыми қауым осыған дейін мынадай ортақ пікірлерге келген: 1. Жоғарыдағы хаттарда айтылатын «Джордж патшан» — Юань патшалығына арналған «династиялық стандарт тарихыта», яғни «Юань ши» кітабында өмірбаяны сақталған әйгілі тарихи тұлға, XIII ғасырдың соңындағы оңғыт елінің билеушісі Колицзисы (阔里吉思) («Юань ши», 118-цзюань, «Колицзмсының өмірбаяны»), мұндағы есімді білдіретін 4 иероглиф «Korgiz (George)» сөзінен келген. Ал аталмыш қытай дереккөзі бойынша, Колицзисының ұлының есімі — Джуань (朱安) («Юань ши», 118-цзюань, «Колицзмсының өмірбаяны»), бұл екі иероглиф «John» сөзінен келгендігі даусыз. Осы жайттар Джованни Монтекорвиноның жоғарыдағы хаттарында сақталған мәліметтермен сәйкеседі; 2. Оңғыттардың түркі тілдес халық екендігін (Гумилев, 2013: 454; Paulillo 2013: 237–252) және олардың несториян дініне сенгендігін дәлелдейтін нақты тарихи ескеркіштер бар, оның ішінде әсіресе оңғыттар өмір сүрген өңірден сирия әріпіндегі түркі жазуымен жазылған біраз құлпытас ескерткіштерінің табылғандығы бұл мәселені түбегейлі айқындап берген (Martin, 1938: 232–249; Гай Шаньлин, 1992).

Ал қыпшақ түркі тілін «татар» ұғымымен байланыстыратын жайтты төмендегі екі тарихи деректен білуге болады.

Бірінші дерек католик францискандар ағымының діндары, тегі испандық болып келетін Паскалдың (Pascal) 1338 жылы Алмалы³ жерінен өз ауылындағы, яғни Испанияның Виттория (Vittoria) жеріндегі досына хат жазып, өзінің Алтын ордаға қарасты Сарай және Үргеніш сынды қалалар арқылы Алмалыға барған сапары туралы, сондай-ақ өзінің Алмалыға жеткеннен кейін сонда көрген-білгендері туралы баяндап береді. Әңгімесінің арасында мына жайттар да жазылған: «Мен жолдасымнан ертерек аталмыш жерге жетіп, әрі қарай бірнеше грек адамымен бірге Сарай қаласына дейін арбамен жол жүріп бардым. [Кейінірек.] жолдасым бірнеше діндарлармен бірге Үргеніш қаласына барған. Мен басында онымен бірге жүрсем дегенмін, алайда, жағдайды сұрастырып келе, мен әуелі осы елдің тілі мен жазуын үйреніп алсам деген шешімге келдім. Жаратушының қолдауы арқасында, мен кумания⁴ тілін, ұйғыр жазуын үйреніп алдым, ал аталмыш тіл мен жазу Татар, Парсы, Халдей, Мидия⁵ және Қытай⁶ сынды патшалықтар мен империялардың барлығында жалпылай қолданылады» (Yule, 1915: 82–83).

Екінші дерек флоренциялық көпес Пегуттидің (Francesco Balducci Peguotti) 1340 жылы жазған «[Сауда] қадамдарының кезеңдері және өзге де мәселелерге арналған кітап» («Libro di Divisamenti di

³Қазіргі қазақ-қытай шекарасы болып келетін Қорғастың шығысында орналасқан жер. Бұл жер Шағатай хандығының астанасы болған, сол себептен Паскал сынды католик миссионерлері осында жіберілген.

⁴Біз сүйеніп отырған дереккөзінде бұл атау «Chamanian» деп алынған. Бұл сөз «Cuman» сөзінің өзгеше жазылуы екендігі анық. Сол дәуірдегі еуропалықтар «Cuman» деп қыпшақты атаған.

⁵Біз сүйеніп отырған дереккөзінде бұл атау «Medes» деп алынған. Бұл жерде Шағатай хандығы меңзеліп тұрса керек.

⁶Біз сүйеніп отырған дереккөзінде бұл атау «Chathay» деп алынған.

Passi. etc.”)⁷ атты еңбегінде сақталған. Шығысқа барып келген адамдардың айтып берген әңгімелері негізінде қалыптасқан бұл кітаптың «Аталмыш Қытай жеріне сапар шеккісі келетін көпестерге керекті дүниелер» деп аталатын екінші тараушасында былай делінген: «Тана жерінде болған кезде тілмаш ізлеу керек ... тілмаштан тыс, тағы екі жақсы ер күтушіні ертіп жүру керек. Бұлардың барлығы кумания (Cumania) тілін білу керек. Қаласа, Танадан аттанған көпес бір әйел ертіп жүруге де болады ... оның ерткен бұл әйелі де әлгі ерлер сияқты кумания тілін білсе жақсы болады» (Yule, 1915: 151–152).

Жоғарыдағы аталмыш жағдайларды ескере келе біз мынадай пікір айтуымызға болады: Пано Карпини айтқан «татар тіліндегі» хаттағы мөр моңғол тілінде екендігіне қарамастан, бұл хаттың негізгі мәтіні шын мәнінде моңғол тілінде емес, түркі тілінде жазылған. Ендеше, мұнда тиісінше бір сұрақ туындайды: моңғол билеушісі Күйіктің мөрін пайдалана отырып өз тілінде мұндай хат жаза алатын адам, сірә, кім? Осы сұраққа жауап іздеу үшін, біз сол дәуірдегі Моңғол империясының саяси өміріне байланысты қытай және парсы дереккөздерін, сондай-ақ Карпинидің жолжазбасын тексере келе мына жайттарды байқадық:

- «Юань ши» кітабының айтуынша, Үгедей қайтыс болған соң, оның әйелі Төрегене 4 жыл регент болып, ханшайым міндетін атқарған. Ол Күйікті қаған тағына отырғызғаннан кейін де ұлыстың саяси өмірінде шешуші рөл атқарған. «Юань ши» кітабы тіпті былай деп жазады: «Күйік таққа отырғанымен, саяси шешімдерді тек қана алтыншы ханшайым⁸ қабылдап тұрды» («Юань ши», 2-цзюань, «Динзун патшаның өмірбаяны»). Бұл жағдайды растайтын дерек парсы тарихшысы Жувайнидың кітабынан да кездеседі, мысалы, онда былай делінген: «Күйік өз шешесінің жанына қайтып келгенімен, ол мемлекет ісіне араласпаған; Ханның орнын ұлына бергенімен, Төрегене хатұн бәрібір империялық шешімдерді қабылдап тұрған» (Juwayni, 1958: 244).

- Пано Карпини дәл Күйіктің таққа отырғызылған шағында Моңғол ордасына жеткен. Сонда Карпинилерден ешқандай сый-сияпат ала алмағандықтан, Күйік хан оларға оң қабақ танытпаған. Сол себептен, олар аштан өліп қала жаздаған. Ал осындай қиын жағдайда қалған Карпинилерге деркөзінде қамқорлық көрсетіп, оларды қабылдаған және кері жолға салған адам өзге емес, дәл Төрегене хатұн болатын (Dawson, 1955: 28, 82).

- Юань патшалық қытай дереккөздерінде сақталған кей мәліметтерге қарағанда, аталмыш кезеңде Юань патшалығына нақты билігін жүргізген Төрегене хатұн өз ұлының, яғни Күйіктің мөрі басылған бос қағазды пайдаланып, өзінің бұйрық хаттарын жазып отырған. Аталмыш жағдай Үгедай билік құрған соңғы кезеңде де болған, оның нақты дәлелі ретінде біз қытай ғалымы Цай Мейбяодың 1951 жылы Пекин университетінің кітапқорларының біріндегі көне құлпытас ескерткіштерінің эстамптары арасынан тапқан «Еке хедунь да хуанхоу ичжи бин чжу фэуцы ичжи» (也可合敦大皇后懿旨并诸妃子懿旨), яғни «Ұлы хатұн мен өзге де ханшайымдардың бұйрығы» деп аталатын, 1240 жылы түсірілген қытай-моңғол қостілді жарлықты (жарлықтың эстампын) көрсетуге болады. Даосизым ғибадатханасына қолдау көрсету мақсатында «Еке хедунь», яғни «Ұлы хатұнның» атынан түсірілген бұл жарлықтағы басылған мөр қытайша «Ханди чжи бао» (皇帝之宝), яғни «Патша мөрі» деп жазылған. Демек, аталмыш жарлықтағы мөр — Үгедай ханның мөрі⁹. Зерттеушілер аталмыш жарлықта айтылатын «ұлы хатұнды» әуелі Төрегене хатұнның өзі деп межелеген, алайда, кейін келе бұл пікірден бас тартқан ғалымдар да бар. Бұл пікірді әуелі жарлықты тапқан қытай ғалымы Цай Мэйбяо айтқан. Ол өзінің 1955 жылы шығарған «Юаньдай бэйхуа бэй цзилу» (元代白话碑集录, «Юань патшалық дәуіріндегі қарапайым қытай тілінде жазылған құлпытас ескерткіштерінің жинағы») атты жинағында аталмыш «ұлы хатұнды» Төрегененен теңестіреді (Цай Мэйбяо, 1955: 7). Кейінірек, Цайдың бұл пікірімен көптеген ғалымдар келіскен, олардың қатарында Клифс, Раквилц сынды әйгілі моңғолтанушы ғалымдар да бар (Ceaves, 1960–1961: 62–75; Rachewiltz, 1981: 38–63). Алайда, профессор Цай кейін келе өзінің бұл ойынан айынып, аталмыш «ұлы хатұн» асылы Төрегенеден бұрын Үгедейдің бәйбішесі болған Борақчин болса керек деген пікір айтқан (Цай Мэйбяо, 1989: 12–29). Қалай болмасын, Төрегене

⁷Бұл кітаптың атауы кейін «Коммерциялық практикалар» (“Practica della Mercatura”) деп өзгертілген. Біз сүйеніп отырған дереккөзде осы кітап атауының соңғы түрі алынған (қараңыз: Yule, 1915: 151–152).

⁸Юань патшалық қытай дереккөздерінде Төрегене хатұн «лю хуанхоу» (六皇后), яғни «алтыншы ханшайым» деп те аталады. Бұл туралы қараңыз: Цай Мейбяо, 1989: 12–29; Rachewiltz 1999: 71–76.

⁹Аталмыш мөр туралы қараңыз: Cleaves 1960–1961: 68, n. 28.

хатұнның регент болған кезінде патшаның мөрі пайдалынып өз билігін жүргізген, бұл туралы нақты мәлімет бар. «Го чао вэнь лэй» (国朝文类) атты Юань патшалық әдеби жинағында Сун Цзичжэнь есімді қаламгердің Елюй Чуцайдың (бұл адам Үгедей билік құрған заманда және Күйік қаған атанған дәуірде Ұлы Моңғол ұлысының ең ықпалды уәзірлердің бірі әрі әйгілі қаламгер болған) ескерткіш құлпытасына арнап жазған естелігінде мынадай мәлімет сақталған: «Осы кезде ханшайым¹⁰ регент болып үлгірген. Ол патшаның мөрі басылған бос қағазды Одулахэманьға¹¹ беріп, оған «білгеніңше жаза бер» дейтін»¹².

Жоғарыдағы жайттар мынаны көрсетеді: Ватикан мұрағатынан табылған жұмбаққа толы, түпнұсқасы бізге жетпеген аталмыш «татар» хатты жазған (жазғызған) және оны Карпиниге тапсырған адам — Күйіктің туған анасы Төрегене хатұн. Жоғарыдағы қытай дерегінде айтылғандай, ол Күйіктің мөрі басылған бос қағазға хаттың үш нұсқасын да жаздырған. Ал П. Пелио сынды ғалымдардың назарына ілінген хаттың парсы тіліндегі нұсқасындағы түркі сөздеріне қарап, біз оның әлгі Карпини тарабынан «татар хаты» деп аталған нұсқасының түркі тілінде, наймандар қолданған «көне ұйғыр жазуында» жазылғандығын межелеп білуге болады. Ал «Юань ши» кітабында Төрегененің найман елінен шыққандығы анық көрсетіледі¹³, демек, Карпини әкеткен «Күйік ханның татар хаты» — наймандардың тілі мен жазуында хатталған тарихи құжаттардың бірі, оның біраз мазмұны хаттың шала аударылған парсы тіліндегі нұсқасында сақталған. Яғни, жоғарыда көрсетілген осы хаттың парсы тіліндегі нұсқасының басындағы мәтінді сол кездегі найман тілінің толық бір сөйлемі ретінде қарастыруымызға болады.

Жоғарыдағы негізгі талқылаудан тыс, біз Төрегене хатұнның өмірбаяны туралы қосымша мәліметтерді беріп кетуді жөн санадық.

Найман қызы Төрегененің Ұлы Моңғол ұлысы тарихындағы орны ерекше болған: егер тек қана билік құзыры немесе ықпалы жеткен жер аумағын ескерсек, Төрегене хатұн жарты әлемді бақандай 4 жыл билеген әйел болып шығады — бұл адамзат тарихында сирек кездесетін құбылыс. Жоғарыда біз Ватикан мұрағатынан табылған, өз кезінде Карпини тарабынан «татар хаты» деп аталған құжаттың асылы Төрегене хатұнның бұйрығымен түркі (найман) тілінде жазылғандығын айтып өткенбіз. Енді сол хаттың мазмұнына да тоқталып өтсек. Хаттың негізгі идеясы мынадай: «Сен, папа, бізді кінәләп, бізді өздеріңе бағынуға шақырыпсың. Бұл қылығың бізге ұнамайды. Батыстағы сендер емес, керісінше, біз тәңірдің нағыз өкіліміз, өйткені, тәңірдің өмірі тек бізге түскен, сол себептен, біз қара жер бетіндегі барша елдерді билеуге құқылы болып отырмыз. Сондықтан да, егер біреуіміз екіншімізге бойсыну керек болса, онда бойсынуға тиісті ел біз емес, керісінше, сендерсіңдер. Жандарың барда, бізге бағынып келіңдер!».

Сірә, мұндай текаппарлық Төрегене хатұнға кездейсоқ пайда болмаған болса керек. Бұл қасиет Төрегене хатұнға ана сұты мен ата тәрбиесі арқалы келгендігіне шүбә жоқ. Ал найман мәдениетінің арғы жағында Көк Түрік қағанаты кезінде-ақ қалыптасқан, Еуразия кеңістігіне үлкен ықпал жасаған түркілік елдік сана мен саяси дәстүр жатыр.

Ендеше, осы бір қасқа мінезді әйел туралы тарихи жазбаларда тағы не айтылған? Ханшайым, регент ретінде Төрегене Моңғол империясының тарихында өзге қандай іздер қалдырған?

Төрегененің ертерек кездегі өмірі туралы мардымды дерек жоқ, дегенмен, оның шыққан тегі туралы «Юань ши» кітабының бірнеше жерінде тиісті мәліметтер сақталған:

¹⁰Яғни Төрегене хатұн.

¹¹Одулахэмань (奥都刺合蛮) — арабша «‘Abd ar-Rahman» деген есімнің қытайшаластырылған түрі. Аталмыш тұлға Төрегене хатұнның кезінде Моңғол ұлысының қаржы істері сынды салаларға жауапты билік өкілі ретінде Қытай жеріне жіберілген. Бұл адам туралы қараңыз: Juwayni, 1958: 243.

¹²Сун Цзичжэнь, *Чжуншунлинь Елюй гун шэндаобэй» (Чжуншунлинь мансабында болған Елюй мырзаға арналған құлпытас / Юань патшалық дәуірі қаламгер) Су Тяньцзюэ (құрастырған), «Го чао вэнь лэй» кітабы, 57-цзюань (бумасы), біз бұл еңбектің 1920-жылдары құрастырылған «Сы бу сун кань чубянь» нұсқасын пайдаландық (宋子贞: 《中书令耶律公神道碑, 《国朝文类》, 第57卷, 《四部丛刊初编》本。并见: 谢方点校: 《湛然居士文集》附录一, 中华书局, 1986年)。Мәтін қытайша былай деп жазылған: 奥都刺合蛮方以货取朝政 ... 时后已称制, 则以御宝空纸付奥都刺合蛮, 令从意书填。*

¹³«Юань ши», 2-цзюань; 106-цзюань; 114-цзюань. Төрегене хатұнның өміріне байланысты төменде берілген баяндамаға қараңыз.

- «Тайзун патшаның (Үгедейдің) өмірбаянында»: «Жэнь-инь жылы (壬寅年, 1246 ж.) көктемде, наймачжэнь (乃马真) текті алтыншы ханшайым¹⁴ регент ретінде билік құрған» («Юань ши», 2-цзюань, «Тайзун патшаның өмірбаяны (太宗纪)»);

- «Динзун патшаның (Күйіктің) өмірбаянында»: «(Динзунның) анасы «алтыншы ханшайым» деп аталады, оның тегі наймачжэнь, бин-инь жылы (丙寅, 1206 ж.) (Динзун) патшаны туған» («Юань ши», 2-цзюань, «Динзун патшаның өмірбаяны (定宗纪)»);

- «Ханшайымдардың өмірбаян кестесінде»: Төрегененің титулы «Төрегене алтыншы ханшайым наймачжэнь текті» деп берілген («Юань ши», 106-цзюань, «Ханшайымдардың өмірбаян кестесі (后妃表)»).

Деректердегі қытайша «наймачжэнь» (乃马真) деп жазылған сөз моңғолша «найман (әйел) адамы» деген мағынаны береді (мұндағы үшінші иерошлиф «чжэнь» (真) молғолша жұрнақ «чин»-нен келген). Демек, Төрегененің тегі найман екендігі анық.

«Жамиғат тауарих» пен «Юань Чао Пи Ши» (яғни кейінгі жұрт «Моңғолдардың құпия шежіресі» деп атап жүрген еңбек) сынды дереккөздерде сақталған мағлұматтарға қарағанда, найман қызы Төрегене өз дәуіріндегі әйгілі сұлулардың бірі болған. Ол әуелі меркіттердің басшысы Тоқтаның ұлы Құжыға ұзатылып, одан кейін көп ұзамай, меркіттер елдігінен айырылған шақта, ол олжа ретінде моңғолдардың қолына түседі де, Шыңғыс хан оны Үгедейге береді¹⁵. Сөйтіп, Төрегене Үгедейдің әйелдерінің бірі болады. Әуелінде, Төрегененің мәртебесі соншалықты жоғары болмаған тәрізді, өйткені, Төрегененің алдында Үгедейдің бәйбішесі Борақчин болған еді, ал Үгедейдің ең сүйген әйелі Мүге екендігі туралы да жазбалар бар. Алайда, Үгедейге Күйік, Көтән, Көчү, Қарачар, Қаршы деп аталатын 5 ұл туып бергеннен соң (ал Борақчин мен Мүге хатұндардан ұрпақ болмаған), Төрегененің ордадағы орны айқындалып, мәртебесі өскен. Дегенмен, Төрегененің Моңғол империясы тарихындағы ерекше орны оның Күйік сынды ұлдарды дүниеге әкелгендігінен емес, оның күйеуі қайтыс болғаннан кейін сол империяны билегендігінде болып тұр.

Көзі тірісінде, Үгедей аталмыш 5 ұлдың үшіншісін, яғни Көтәнді жақсы көріп, әуелі соны хан тағына мұрагер етіп талдаған. 1236 жылы, Көтән соғыста қаза тауып, Үгедей немересін, яғни Көтәннің ұлы Шиременді тақ мұрагері етіп сайлайды. Алайда, Үгедей қаған 1241 жылы желтоқсан айында қайтыс болған соң, Төрегене хатұн Шиременнің әлі жас, ұлыстың ауыр жүгін көтеруге қауқарсыз екендігін ескере отырып, Үлкен ұлы Күйікті хан тағына отырғызуды жөн көреді. Сөйтіп, ол Күйікті таққа отырғызу мақсатында Шыңғыс хан әулетінің мүшелері мен өзге де игі-жақсыларды құрылтайға шақырады. Дәл осыдан бұрынырақ батыс өңірлерге қаратып жүргізілген «үлкен ханзадалар жорығында» Жошының үлкен ұлы Баду Күйікпен жанжалдасып қалған, сол себептен, Төрегене хатұн шақырған аталмыш құрылтайға Баду келуден бас тартады. Осындай жағдайда, Төрегене хатұн Шағатай әулетінің қолдауымен Ұлы Моңғол ұлысының регенті болады да, билікті өз қолына алады.

Билік құрғаннан кейінгі Төрегененің тарихы туралы қытай және парсы дереккөздерінде біраз жағымсыз мағнадағы сөздер жазылған, мысалы, оның регент болған кезде Қытай, Орта Азия және Парсы жерлеріндегі көптеген көне шенеуніктерді алмастырып, өз адамдарын маңызды билік орындарына қойған әрекеттері көптеген қытай және парсы авторларының көңілдерінен шықпаған (бұл туралы төмендегі мәтінге қараңыз). Әрине, осындай сынни сөздердің көбісі объективді түрде айтылмаған; Онда аталмыш жазбаларды қалдырған авторлардың сол дәуірдегі өздерін билеген әулеттің, яғни Күйік ханнан кейін Ұлы Моңғол ұлысының билік тізгінін Үгедей әулетінен тартып алған Төле әулетінің Қытай мен Иран жерлеріндегі өкілдеріне жағымпаздық көрсетіп, Үгедей әулетін, соның ішінде Төрегене хатұнды кемсіту пиғылы жатқандығы анық; Сонымен қатар, мұнда аталмыш еңбектерді жазған авторлардың дәстүрлі мәдениеттерінің түркі-моңғол көшпенді мәдениетінен алшақтау екендігін, онда салыстырмалы түрде әйелдерді төмен санайтындығын да ескерген жөн.

¹⁴Бұл атау туралы жоғарыдағы 8-түсіндірмеге қараңыз.

¹⁵«Юань Чао Пи ши» кітабында: «Әуелінде, меркіттің елі олжалаған шақта, (Темучин меркіт басшысы) Тоқтаның ұлы Худудың әйелін (Төрегенені) Үгедейге берген» деп жазады (ЮЧПШ, 8-цзюань). Ал Рашид ад-Дин де Төрегененің меркіттерден тартып алынғандығын айтады, дегенмен, ол Төрегененің кімнен тартып алынғандығына келгенде екі түрлі әңгіме ұсынған: еңбегінің бір жерінде ол Төрегене меркіттердің Дайыр-Усун есімді өзге бір басшысының әйелі дей келе, өзге бір жерде ол (Төрегене) осы тайпадан (меркіттерден) шыққан, алайда, ол Дайыр-Усунның әйелі емес» деп жазады (СЛ, том II, С. 9).

Қандай болмасын, Төрегене хатұнның тарихи рөліне басқаша баға беруге тиістіміз, өйткені, тарихи деректерді оқи келе біз Төрегене хатұнның мынадай жетістіктерге жеткендіні байқаймыз: Біріншіден, дәл соның билеуінде Ұлы Моңғол ұлысының іргесі кеңейген; Екіншіден, дәл соның еңбегінің арқасында Шыңғыс хан әулетінің ауызбіршілігі сақталған. Осы жетістіктердің арқасында, Төрегене хатұн өзінің саяси мақсаттарына ақыры жетіп, Күйікті Моңғол империясының тағына отырғызады. Ол осы мақсаттарға жету үшін мынадай нақты қадамдарға барған: 1242 жылы Төрегене хатұн ордадағы орнын мықымдап, регент мәртебесін алған соң, өз кезінде марқұм күйеуіне қызмет еткен, алайда өзіне ұнамайтын біраз уәзірлерге шүйіліп, олардың кейбіреулерін тұтқындамақ болған. Сонда, өз кезінде бас уәзір болған Синқай (қытайша «Чжэньхай 镇海») және Махмұд Ялавач (қытайша «Ялаовачи 牙老瓦赤») есімді уәзірлер Төрегенеден туылған бес ұлдың біріне, яғни Солтүстік Қатайды билейтін Көтэнге бас сауғалап барып, соны паналайды. Ал өз кезінде Ұлы Моңғол ұлысының Орта Азиядағы өкілі болған Мақсуд Бек есімді адам Алтын орданың билеушісі Баду ханға қашып барады. Сонымен бірге, Төрегене хатұн Иран жерінде қарсылық көрсеткен Көргүзді тұтқындатқызып, оны Шағатай ханның жесіріне тапсыртқызады (кейін, Шағатай ұлысының ханы болған Қара-Хүләгү Көргүзді өлім жазасына кеседі); Сонымен бірге, Төрегене хатұн ойрат елінен шыққан Арғұн-ағаны Парсы жерінің билеушісі етіп тағайындайды («Töregene Khatun» // https://en.wikipedia.org/wiki/Töregene_Khatun).

Әрине, марқұм күйеуінің көптеген уәзірлерін биліктен ығыстыру Төрегененің қандай да бір қисық ниетінен шыққан әрекет болмаса керек, оның мақсат-мұраты — Ұлы Моңғол ұлысының империялық тұтастығын сақтап, сол ұлыстың билігін нығайту болғандығы анық. Осы мақсат үшін, ол моңғол билігіне пайдалы уәзірлердің мәртебесін бұрынғыдан да биіктетіп өсірген кездері де болған. Мысалы, ол кезінде Үгедейдің Солтүстік Қытайдағы салық жинаушысы болған Абдур Рахман есімді ортаазиялық адамды Солтүстік Қытай жеріндегі әкімшілік істерге жауапты бас уәзір етіп тағайындаған. Сонымен қатар, ол өзіне өте жақын болып келген Фатима есімді тәжік (немесе парсы) әйелдің өз кезінде тұтқын ретінде ордаға әкелінген тарихына қарамаста, оны өзінің ең сенімді билік өкілі етіп тағайындаған. Ал, қытай және парсы дереккөздерінде сақталған мәліметтерге қарағанда, Төрегене хатұн осы адамдар арқылы Қытай сынды жерлердегі салық саясатын күшейткен, сол саясаттың салдарынан аталмыш өңірлердегі халықтарға ауыртпашылық ұлғайған. Қытай және парсы авторларына Төрегене хатұнның жек көрінішті болғандығының бір себебі де осыдан болса керек.

Әкімшілік істерге жауапты болып келген бұрынғы шенеуніктермен тіресе де, ол марқұм күйеуінің Қытай жеріне жіберген әскери қолбасшыларымен жақсы қарым-қатынаста болған, және кейін Қытай жерінде болған әскери операциялардың барысын бақылап, соғыс істеріне де нұсқау беріп тұрған. Әуелінде, моңғол әскери күшімен Сун династиясының армиясы Чэнду жерінде соғыса бастағанда, Төрегене хатұн өз елшілерін жіберіп, Сун династиясымен бітімге келмек болған, алайда, Сунның билеушілері бітімге келудің орнына әлгі елшілерді қамап тастайды. Моңғол күші Ханьчжоу жерін басып алып, әрі Сычуан өлкесіне басып кірген кезде, Төрегене Чжан Жоу және Чаған есімді қолбасшыларға Сун династиясына қарсы шабуыл жасау туралы бұйрық түсіреді, ал аталмыш қолбасшылар бастаған маңғол күші Сун патшалығына қарасты жерлерге, ондағы ел-жұрттарға ауыр соққы жасаған.

Батыстағы біраз жерлердің Ұлы Моңғол ұлысына бағынуы да Төрегененің билік құрған тұсында іске асқан. Үгедей ханның кезінде, Рүм сұлтандығы (Селжүк сұлтандығы) моңғол күшінің қолбасшысы Чормағанмен тату-тәтті болу үшін оған салмақты тарту-таралғы беріп келген. Кейін, моңғол билеушілері аталмыш сұлтандығының елбасшысы Гийас ад-Дин Кей-Хосров II-нің өз басымен Моңғол жеріне барып аманатта болуын және моңғолдар тарабынан тағайындалатын «даруғашы»-ны, яғни моңғолдардың жат елге жіберетін билік өкілін қабылдауды талап етеді. Осындай жағдайда, аталмыш сұлтандық пен моңғолдар жауласа бастайды. Бұлардың арасындағы соғыс Төрегене хатұн билік құрған кезеңге дейін жалғасады. 1243 жылы, Байжу бастаған моңғол күші «Көсе-дағ соғысы» деп аталатын әйгілі шайқаста аталмыш сұлтандық пен оның одақтастарының біріккен әскери күшін ойсырата жеңеді.

Сөйтіп, Селжүк сұлтаны және оның одақтастары, сондай-ақ Ұлы Моңғол ұлысының батыс өңірлердегі өзге де елдердің көсемдері арты-артынан Қарақорым жерінде орналасқан Төрегене хатұнның ордасына елшілерін жіберіп, өздерінің Ұлы Моңғол ұлысына бағынышты болғандықтарын мойындайды. Осылардың қатарында Бағдаттағы Аббасилер халифатының және Грузия елінің патшасы Давид

VII Улудың өкілдері, сондай-ақ орыс князьі Александр Невскийдің әкесі Ярослав Всеволодович де бар еді¹⁶.

Төрегене хатұн марқұм күйеуінің тағайындап кеткен Шиременді хан мұрагерліктен қалдырып, Күйікті сол орынға қойған кезде де кейбір моңғол шонжарларының қарсылығына ұшыраған. Тіпті, Шыңғыс ханның кіші інісі Темүге Отчигин өз әскерлерін жинап алып, Үгедейден қалған хан атағына өзі ие болсам деген ниетпен хан ордасына шабуыл жасамақ болған. Осындай қауіпті шақта, Төрегене хатұн өзінің дипломатиялық шеберлігін көрсетіп, Темүге Отчигинді сөзбен жеңу арқылы билікке төнген үлкен қауіпті сейілткен.

1246 жылы, Төрегене хатұн билік тізгінін ақыры Күйікке тапсырып, өзі Еміл өзені бойындағы Үгедейдің ескі жұртына, яғни наймандардың байырғы жеріне көшіп кетеді. Бірнеше айдан соң, Төрегене хатұнға да ажал келіп жетеді. Осылайша, Ұлы Моңғол ұлысының регенті ретінде жарты әлемді билеген найман қызының тарихы да тамам болады.

Қорытынды

Жоғарыдағы талқылаулар негізінде біз мынадай қортындыларға келіп отырмыз: Біріншіден, жұртқа көбінесе «Күйік ханның татар хаты» деген атпен танылған тарихи құжат ісжүзінде Күйіктің анасы, тегі найман болып келетін, Үгедей хан қайтыс болғаннан кейін Моңғол империясының регенті болған Төрегене хатұнның қолынан шыққан; Хаттың бізге жеткен парсы тіліндегі аударма нұсқасындағы түркі мәтін — Төрегене хатұнның ана тілінің, яғни найман тілінің қандай болғандығын паш етеді. Екіншіден, аталмыш тарихи құжатты жазған (немесе жаздырған) адам, яғни Төрегене хатұн — тарихнамаларда, оның ішінде Отанедық тарихнамада алтын әріппен дәріптеуге татитын ұлы тұлға. Ол Ұлы Моңғол ұлысының империялық тұтастығын сақтап, сол ұлыстың билігін нығайтуға, сол ұлыстың территориясын кеңейтуге аса зор еңбек көрсеткен саяси қайраткер. Ал Төрегене хатұнның бойындағы ерекше қасиеттер кездейсоқ пайда болмаған. Найман мәдениетінің арғы жағында Көк Түрік қағанаты кезінде-ақ қалыптасқан, Еуразия кеңістігіне үлкен ықпал жасаған түркілік елдік сана мен саяси дәстүр Төрегене хатұнның бойындағы сол қасиеттердің қалыптасуына нәр бергендігі даусыз.

Әдебиеттер

Гай Шаньлин, 1992 — *Гай Шаньлин*. Иншань уангу (Иншань жеріндегі оңғут елі). Хухэхаотэ (Көкхот), 1992 (盖山林: 《阴山汪古》, 呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 1992 年).

Гумилев, 2013 — *Гумилев Л.* Энциклопедия / Гл. ред. Е.Б. Садыков, сост. Т.К. Шанбай. Москва: Издательство Художественная литература, 2013. 454 с. \

Мэн Гун, 1983 — *Мэн Гун*. Мэн да бэй лу. 1^а-2^б бб. Шанхай: «Шанхай гуцзи шу дянь» (Шанхай тарихи жазбалар кітапханасы), 1983 ж. (孟珙: 《蒙鞑备录》, 上海古籍书店, 1983. 第一叶正面至第二叶背面).

Ceaves, 1960–1961 — *Ceaves F. W.* The Sino-Mongolian Inscription of 1240 // *Harvard Journal of Asiatic Studies*. 1960–1961. No 23. Pp. 62–75.

Dawson, 1955 — *Dawson, Ch.* The Mongol Mission: Narratives and letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the Thirteenth and Fourteenth Centuries. New York, 1955. 227 p.

Juwaynī, 1958 — *Juwaynī, Alā al-Dīn*. Translated by John Boyle, *The history of the world conqueror*. Manchester university press, 1958. 244 p.

Martin, 1938 — *Martin, D.* Preliminary Report on Nestorian Remains North of Kuei-Hua, Suiyüan // *Monumenta Serica* 3. 1938. Pp. 232–249.

Minorsky, 1937 — *Minorsky V.* (Translated and Explained), *Ḥudūd al-'Ālam* ('The Regions of the World' — A Persian Geography, 372 A.H – 982 A.D.). Pp. 304–305. London, 1937.

Paurillo, 2013 — *Paulillo M.* White Tatars: The Problem of the Öngüt conversion to Jingjiao and the Uighur Connection / Tang, Winkler (Ed.), *From the Oxus River to the Chinese Shores: Studies on East Syriac Christianity in China and Central Asia (orientalia – patristica – oecumenica)* (2013). Pp. 237–252.

Pelliot, 1922–1923 — *Pelliot P.*, Les Mongols et la Papauté // *Revue de l'Orient Chrétien*, XXIII. 1922–1923. Pp. 1–30.

¹⁶Тарихи деректерге қарағанда, осы орыс князьі Төрегене хатұнның қонақасынан кейін қайтыс болған, сондықтан, оны Төрегене хатұн у беріп өлтірді деген пікір айтушылар да бар.

- Rachewiltz, 1981 — *Rachewiltz de I.* Some Remarks on Töregene's Edict of 1240 // *Papers on Far Eastern History*. 23 March 1981. Pp. 38–63
- Rachewiltz, 1999 — *Rachewiltz de I.* Was Töregene Gatun Ögödei's "Sixth Empress" // *EAST ASIAN HISTORY*. 1999. No 17/18. Pp. 71–76.
- Rachewiltz, 2019 — *Rachewiltz I. de.* Qan, Qa'an and the Seal of Güyüg // *East Asian History*. 2019. No 43. Pp. 97, 99 note 20.
- СЛ, 1946–1960 — Рашид-ад-Дин. *Сборник летописей*. Т. 1-3. / Рашид-ад-Дин. Москва–Ленинград: Изд. Академии наук СССР, 1946–1960.
- Сун Цзичжэнь, 1920 — *Сун Цзичжэнь*. Чжуншулин Елюй гун шэндаобэй» (Чжуншулин мансабында болған Елюй мырзаға арналған құлпытас / (Юань патшалық дәуірі қаламгер) Су Тяньцзюэ (құрастырған), «Го чао вэнь лэй» кітабы, 57-цзюань (бумасы), біз бұл еңбектің 1920-жылдары құрастырылған «Сы бу сун кань чубянь» нұсқасын пайдаландық (宋子贞：《中书令耶律公神道碑》·《国朝文类》·第 57 卷，《四部丛刊初编》本。并见：谢方点校：《湛然居士文集》附录一·中华书局·1986 年)。
- Töregene Khatun, 2022 — «*Töregene Khatun*» // https://en.wikipedia.org/wiki/Töregene_Khatun (мәтіннің соңғы өңделген күні — 3 қараша 2022 ж.) (қаралған күн: 05.05.2023)
- «Юань ши», 118-цзюань, «Колицзмсының өмірбаяны» (《元史》第118卷, 《阔里吉思传》)。
- ЮЧПШ, 1936 — *Юань Чао Пи Ши*. Біз бұл кітаптың 1936-жылы құрастырылған «Сы бу цун кань сяньбянь» нұсқасын пайдаландық.(《元朝秘史》, 《四部丛刊三编本》)。
- Yule, 1915 — *Yule H.* Cathay and the Way Thither: Being A Collection of Medieval Notices of China (4 Volumes). Vol. 3. P. 82–83. London: Hakluyt Society, 1915.
- Цай Мейбяо, 1989 — *Цай Мейбяо*. Толиегэна хоу шиши каобянь (Төлегене хайшайымға қатысты тарихи оқиғалар туралы талдаулар) // Монгу ши янцзю (Моңғол тарихы туралы зерттеулер). № 3. 1989. 12–29 бб. (蔡美标：《脱列哥那后史事考辨》·《蒙古史研究》第 3 辑 (1989 年), 第 12–29 页);
- Цай Мэйбяо, 1955 — *Цай Мэйбяо*. «Юаньдай бэйхуа бэй цзилу» (《元代白话碑集录》), 7–б., 2-түсіндірме. Пекин, 1955 ж.

References

- Ceaves, 1960–1961 — *Ceaves F. W.* The Sino-Mongolian Inscription of 1240 // *Harvard Journal of Asiatic Studies*. 1960–1961. No 23. Pp. 62–75 (In Eng.)
- Dawson, 1955 — *Dawson, Ch.* The Mongol Mission: Narratives and letters of the Franciscan Missionaries in Mongolia and China in the Thirteenth and Fourteenth Centuries. New York, 1955. 227 p. (In Eng.)
- Gai Shanlin, 1992 — *Gai Shanlin*. Inshan uangu (Inshan' zherindegi oñgüt yeli) [Yinshan uangu (Yonghut country in Yinshan)]. Huhehaote (Kokhot), 1992 (盖山林：《阴山汪古，呼和浩特：内蒙古人民出版社，1992 年》). (In Chin.)
- Gumilev, 2013 — *Gumilev L.* Encyclopedia [Encyclopedia] / Ch. ed. E.B. Sadykov, comp. T.K. Shanbai. Moscow: Publishing house "Hudozhestvennaya literatura", 2013. 454 p. (In Russ.)
- Juwaynī, 1958 — *Juwaynī, Alā al-Dīn*. Translated by John Boyle. The history of the world conqueror. Manchester: Manchester university press, 1958. 244 p. (In Eng.)
- Martin, 1938 — *Martin, D.* Preliminary Report on Nestorian Remains North of Kuei-Hua, Suiyüan // *Monumenta Serica* 3. 1938. Pp. 232–249. (In Eng.)
- Minorsky, 1937 — *Minorsky V.* (Translated and Explained), *Ḥudūd al-Ālam* [The Regions of the World — A Persian Geography, 372 A.H. – 982 A.D.]. London, 1937. Pp. 304–305. (In Eng.)
- Meng Gong, 1983 — *Meng Gong*. Meng da bei lu. 1^a–2^b p. Şañxay: «Şañxay gwczi şw dyan» (Şanxay tarixi jazbalar kitapxanası), 1983 zh.) [Shanghai Historical Records Library, 1983 y.]. (孟珙：《蒙鞑备录》，上海古籍书店，1983. 第一叶正面至第二叶背面). [Meng Gong: "Mongolia Preparatory Records", Shanghai ancient books bookstore, 1983. The front of the first leaf to the back of the second leaf]. (In Chin.)
- Paulillo, 2013 — *Paulillo M.* White Tatars: The Problem of the Öngüt conversion to Jingjiao and the Uighur Connection / Tang, Winkler (ed.), *From the Oxus River to the Chinese Shores: Studies on East Syriac Christianity in China and Central Asia (orientalia – patristica – oecumenica)* (2013). Pp. 237–252. (In Eng.)
- Pelliot, 1922–1923 — *Pelliot P.*, Les Mongols et la Papauté // *Revue de l'Orient Chrétien*, XXIII. 1922–1923. Pp. 1–30. (In Fr.)

Rachewiltz, 1981 — *Rachewiltz de I.* Some Remarks on Töregene's Edict of 1240 // Papers on Far Eastern History. 23 March 1981. Pp. 38–63 (In Eng.)

Rachewiltz, 1999 — *Rachewiltz de I.* Was Töregene Gatun Ögödei's "Sixth Empress? // East Asian History. 1999. No 17/18. Pp. 71–76. (In Eng.)

Rachewiltz, 2019 — *Rachewiltz de I.* Qan, Qa'an and the Seal of Güyüg // East Asian History. 2019. No 43. Note 20. Pp. 97, 99. (In Eng.)

Rashid ad-Din, 1946–1960 — *Rashid ad-Din.* Collection of annals. Vol. 1–3 / Rashid ad-Din. Moscow-Leningrad: Academy of Sciences of the USSR, 1946–1960. (In Russ.)

Song Jizhen, 1920 — *Song Jizhen.* Chzhunshulin Yelyuy gun shendaobey (Tombstone for Mr. Yelui during Zhongshulin career / (Yuan dynasty writer) Su Tianjue (Comp.), Guo Chao Wen Lei, Vol. 57, we refer to the 1920s version of this work, the Si Bu Sun Kan Chubian we used (宋子贞：《中书令耶律公神道碑》·《国朝文类》·第57卷，《四部丛刊初编》本。并见：谢方点校：《湛然居士文集》附录一，中华书局，1986年)。 [Song Jizhen: "Zhongshuling Yelugong Shendaobey Stele", "Guochao Wenlei", Volume 57. Four Series. First Edition. See also: Xie Fang's proofreading: Appendix I of "Zhan Ran Layman Collection", Zhonghua Book Company, 1986]. (In Chin.)

Töregene Khatun, 2022 — «*Töregene Khatun*» // https://en.wikipedia.org/wiki/Töregene_Khatun (the date of the last revision of the text — november 3, 2022) (access date: 05.05.2023) (In Eng.)

Yuan shi — *Yuan shi*, 118-czyuan, «Koliczmsiniñ ömirbayanı» [juan 118, "Biography of Colicism"] (《元史》第118卷，《阔里吉思传》) ["Yuan Shi" Volume 118, "The Biography of Korigis"]. (In Chin.)

Yuan, 1936 — *Yuan Chao Pi Shi.* Biz bul kitaptıñ 1936-jılı qurastırılğan «Sı bw cwn kan syanbyan» nusqasın paydalandıq [We compiled this book in 1936 «Si bu tsung kan xianbian» used the version.] (《元朝秘史，《四部丛刊三编本》)。 [Secret History of the Yuan Dynasty, Four Series and Three Editions]. (In Chin.)

Yule, 1915 — *Yule H.* Cathay and the Way Thither: Being A Collection of Medieval Notices of China (4 Volumes). Vol. 3. London: Hakluyt Society, 1915. Pp. 82–83. (In Eng.)

Cai Meibiao, 1989 — *Cai Meibiao.* (蔡美标：《脱列哥那后史事考辨》·《蒙古史研究》第3辑 (1989年，第12–29页) [Analyzes of historical events related to Tolegene khayshayim] // Research on Mongolian History. No 3, 1989. Pp. 12–29. (In Chin.)

Cai Meibiao, 1955 — *Cai Meibiao.* Yuan'day beykhua bey tszilu [Yuan dai beihua bei jilu] (《元代白话碑集录》) [Yuan Dynasty Vernacular Style Collection]. Beijing, 1955. Comment 2. P.7. (In Chin.)

Қосымша 1

1246 ж. Рим папасы Инносент IV-ге жазылған «татар хатының» парсы тіліндегі нұсқасы.

Дереккөзі: *Dschingis Khan und seine Erben* (exhibition catalogue), München 2005, p. 221



МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Әбдіров М.Ж.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘСКЕРИ ОТАРЛАУДАҒЫ РЕСЕЙ ҚАЗАК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ
(XVI ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ– XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)208

Ибраева А.Ғ., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ БАЙЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТӘРКІЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІ МЫСАЛЫНДА)225

Қаратаев Ә.Ә.

АЛАША ХАН ЖӘНЕ «АЛАШ» БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ241

ТАРИХ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У.

СТАЛИНДІК КЕЗЕҢДЕ ҚЫРҒЫЗСТАНДА ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚ ҰЛТЫ МЕН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУМАЛАРЫ ТУРАЛЫ256

Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ
ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕГІ267

Борбасов С.М.

ҚАЗАҚСТАН КСРО-ДАҒЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛДЕТУ САЯСАТЫ
ЖЫЛДАРЫНДА (1985–1991)278

Еженханұлы Б.

1246 ЖЫЛЫ РИМ ПАПАСЫ ИННОСЕНТ IV-ГЕ ЖАЗЫЛҒАН «ТАТАР ХАТЫ» ЖӘНЕ ОНЫҢ
НАЙМАН ТӨРЕГЕНЕ ХАТҮНМЕН ҚАТЫСЫ290

Құсайынов Д.Ж., Өтепова Г.Е.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ303

Мамбетова Г.А.

КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ШАМАНИЗММЕН ЖӘНЕ «КЕЗБЕ МОЛДАЛАРМЕН» КҮРЕСІ318

Маничкин Н.А.

ӨЗАРА ТӘУЕЛДІ БОЛУ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ НЫШАНДАРЫ МЕН БЕЙНЕЛЕРІН
ПОЭТИКАЛЫҚ ҚАЙТА ТАЛДА334

Мәсімханұлы Д., Әбиденқызы А.

ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКІ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР: БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ
МЕН НЕГІЗГІ ЕҢБЕКТЕР347

Саурықова Ж.С., Әбдіғұлова Б.Қ.

ІРІ БАЙЛАРДЫҢ МАЛ-МҮЛКІН КӘМПЕСКЕЛЕУ — ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІНІҢ АЛҒЫШАРТЫ
(ЖЕТІСУ ӨңІРІНІҢ МЫСАЛЫНДА)361

Тапалова А., Қара Ә.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІН ТЫЛ
ЖҰМЫСТАРЫНА ЖҰМЫЛДЫРУҒА КОМСОМОЛДЫҚ НАСИХАТТЫҢ ЫҚПАЛЫ375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дүйсенов Б.Д.

ЕДІЛ-ОРАЛ ӨңІРІ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ЕСІМІ САҚТАЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ
ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫН ТАБУ ЖӘНЕ ТАНУ387

Жалелов А.А.

1930–1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ402

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Абдиров М.Ж.РОЛЬ РОССИЙСКИХ КАЗАЧЬИХ ВОЙСК В ВОЕННОЙ КОЛОНИЗАЦИИ
КАЗАХСТАНА (КОНЕЦ XVI – НАЧАЛО XIX ВВ.208**Ибраева А.Г., Темирханова А.С., Кабдушев Б.Ж.**АЛАШСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ И ВОПРОСЫ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ
(НА ПРИМЕРЕ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА КАЗАХСТАНА)225**Каратаев А.А.**

ОБ АЛАША ХАНЕ И ФОРМИРОВАНИИ ОБЪЕДИНЕНИЯ «АЛАШ»241

ИСТОРИЯ

Абдрахманов Б.Д., Асекова С.У.О ЛИЦАХ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОСТИ И УРОЖЕНЦАХ
КАЗАХСТАНА, РЕПРЕССИРОВАННЫХ В КЫРГЫЗСТАНЕ В СТАЛИНСКИЙ ПЕРИОД256**Ахметова Д.М., Мухамеджанова Р.Ж.**

ТРУД ЖЕНЩИН КАЗАХСТАНА В ТЫЛУ ВО ВРЕМЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ.....267

Борбасов С.М.

КАЗАХСТАН В ГОДЫ ПЕРЕСТРОЙКИ И ПОЛИТИКИ УСКОРЕНИЯ В СССР (1985–1991)278

Еженханулы Б.«ТАТАРСКОЕ ПИСЬМО» АДРЕСОВАННОЕ ПАПЕ ИННОКЕНТИЮ IV В 1246 ГОДУ И ЕГО СВЯЗЬ
С ТОРЕГЕНЕ КАТУН290**Кусаинов Д.Ж., Отепова Г.Е.**СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МУЗЕЕВ И ОРГАНИЗАЦИЙ
ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ303**Мамбетова Г.А.**

БОРЬБА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПРОТИВ ШАМАНИЗМА И «БРОДЯЧИХ МУЛЛ»318

Маничкин Н.А.ВЗАИМОЗАВИСИМОЕ СТАНОВЛЕНИЕ: ПОЭТИЧЕСКАЯ РЕИНТЕРПРЕТАЦИЯ СИМВОЛОВ
И ОБРАЗОВ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ334**Масимханулы Д., Абиденкызы А.**ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКОЙ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ В КИТАЕ:
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ВАЖНЫЕ ТРУДЫ347**Саурькова Ж.С., Абдугулова Б.К.**КОНФИСКАЦИЯ ИМУЩЕСТВА КРУПНЫХ БАЕВ КАК ПЕРВООСНОВА ПОЛИТИЧЕСКИХ
РЕПРЕССИИ И ТРАГЕДИИ НАРОДА (НА ПРИМЕРЕ РЕГИОНА ЖЕТЫСУ)361**Тапалова А., Кара А.**ВЛИЯНИЕ КОМСОМОЛЬСКОЙ ПРОПАГАНДЫ НА МОБИЛИЗАЦИЮ ЖЕНЩИН НА ТЫЛОВЫЕ
РАБОТЫ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ375

АНТРОПОЛОГИЯ

Дюсенов Б.Д.ОБНАРУЖЕНИЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ ИМЕН ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ КАЗАХСКОГО
НАРОДА, КОТОРЫЕ СОХРАНИЛИСЬ В ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКАХ ВОЛГО-
УРАЛЬСКОГО РЕГИОНА387**Жалелов А.А.**

АРХЕОЛОГИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1930–1960-е ГОДЫ402

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abdirov M.Zh. THE ROLE OF THE RUSSIAN COSSACK TROOPS IN THE MILITARY COLONIZATION OF KAZAKHSTAN (LATE XVI - EARLY XIX CENTURIES)	208
Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kabdushev B.Zh. ALASH INTELLIGENTIA AND THE ISSUES OF BAI FARMS CONFISCATION (ON THE EXAMPLE OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN)	225
Karatayev A.A. ABOUT ALASHA KHAN AND THE FORMATION OF THE «ALASH» ASSOCIATION.....	241

HISTORY

Abdrakhmanov B.D., Asekova S.U. ON THE PERSONS OF KAZAKH NATIONALITY AND NATIVES OF KAZAKHSTAN REPRESSED IN KYRGYZSTAN DURING THE STALIN PERIOD	256
Akhmetova D.M., Mukhamedjanova R.Zh. LABOR OF WOMEN OF KAZAKHSTAN IN THE REAR DURING THE SECOND WORLD WAR	267
Barbosov S.M. KAZAKHSTAN DURING THE YEARS OF PERESTROIKA AND ACCELERATED POLICY IN THE USSR (1985–1991)	278
Ezhenkhan-uli B. THE “TATAR LETTER” ADRESSED TO THE POP OF INNOCENT IV IN 1246 AND ITS INVOLVEMENT WITH TÖREGENE QATUN.....	290
Kussainov D.Zh., Otepova G.E. THE CURRENT STATE AND PROBLEMS OF INTERACTION BETWEEN MUSEUMS AND EDUCATIONAL ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN	303
Mambetova G.A. THE STRUGGLE OF THE SOVIET AUTHORITIES AGAINST SHAMANISM AND «WANDERING MULLAHS»	318
Manichkin N.A. INTERDEPENDENT BECOMING: POETIC REINTERPRETATION OF SYMBOLS AND IMAGES OF THE HISTORICAL MEMORY IN KAZAKHSTAN.....	334
Massimkhanuly D., Abidenkyzy A. STUDIES OF TURKIC HISTORY AND CULTURE IN CHINA: MAIN DIRECTIONS AND SIGNIFICANT WORKS	347
Saurykova Zh.S., Abdugulova B.K. CONFISCATION OF THE LARGE BAYS’ PROPERTY AS THE PRIMARY BASIS OF POLITICAL REPRESSION AND PEOPLE TRAGEDY (ACCORDING TO THE EXAMPLE OF ZHETYSU REGION)	361
Tapalova A., Kara A. THE IMPACT OF KOMSOMOL PROPAGANDA ON WOMEN’S MOBILIZATION FOR REAR WORK DURING WORLD WAR II IN WEST KAZAKHSTAN.....	375

ANTHROPOLOGY

Dyussenov B.D. DISCOVERY AND POPULARIZATION OF THE NAMES OF KAZAKH HISTORICAL FIGURES THAT HAVE BEEN PRESERVED IN EPIGRAPHIC MONUMENTS OF THE VOLGA-URAL REGION	387
Zhalelov A.A. ARCHAEOLOGICAL STUDY OF KOSTANAY REGION IN THE 1930–1960 s	403

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2023. 10 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.06.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ беттелген:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй